

**ЖШС «Нұр- Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №2**

20.10.2021 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - Т.А.Төлен.
Хатшысы - Ж.Айдарова
Қатысқандар – 10

Күн тәртібі

1. Вариативтік жоспарлау
2. Оқу жылының басында балалардың дамыту құзыреттілі мониторингінің нәтижесі (салыстырмалы бақылау).
3. Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерді тәрбиелеу (жедел бақылау).
4. Сабақтардағы оқу материалының мазмұнын жобалау-зерттеу қызметін сапасы (жедел бақылау).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық меңгерушісі Т.А.Төлен ұйымдастырылған оқу қызметінің бекітілген кестесіне және вариативтік компоненттердің орындалуы бойынша бақылау нәтижесіне тоқталып өтті. Вариативтік компонент бойынша сағат сандары оқу жүктемесіне сәйкес беріліп отыр. . Осы бөлінген вариативтік сағаттар бойынша жоспарға сәйкес жұмыстар жоспарланған.

Екінші және төртінші мәселелер бойынша балалардың дамыту құзыреттілігі бойынша жүргізілген мониторингтің нәтижесі мен сабақтардағы оқу материалдарының мазмұнының сапасы бойынша жүргізілген жедел бақылау нәтижелеріне тоқталды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда сәл де болса ілгерушіліктің барлығын аңғартады.

Сондықтан 4-5 және 3-4 жас аралығындағы балалармен көбірек қосымша жұмыс жүргізуді талап етеді. Осыған орай, сабақтар бойынша тапсырмалардың электронды нұсқалары берілді. Сабақтарда қолданылатын оқу материалдары толығымен бар, әрбір сабақ сайын қосымша материалдарды толықтыруды қажет етеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орталық медбикесі тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерге тоқтала келе топтарда кейбір талаптардың орындалмай отырғандығын айтты. Балалардың тамақтану кезінде біркелкі отыруы, тамақты төкпей-пашпай жеулері, тамақтанар алдында қолдарын жууы және тәрбиеші көмекшілерінің халат пен калпақтарының болуы, ыдыс аяқтарды талапқа сай жуып сақтаулары жөнінде тоқталып өтті.

Сөз сөйлегендер:

1. Тәрбиеші Базарбаева А. сабақтарда қолданылатын оқу материалдары толығымен бар, әрбір сабақ сайын қосымша материалдарды дайындап отырамын, вариативтік сағаттар кесте бойынша жүргізіледі. Балалардың қызығушылығы арта түсуде.

2. Тәрбиеші Изтилеуова М. барлық сабақтар бойынша көрнекіліктер мен қосымша материалдар жеткілікті, вариативтік сағаттар орындалуда. Балалардың тамақтануы

кезінде мәдени- гигиеналық ережелер сақталынған, әрбір баламен түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Қаулы етті:

1. Вариативтік сабақтар кесте бойынша жүргізілсін, орындалған жұмыстар тігілсін.
2. Оқу жылының басында балалардың дамыту құзыреттілі мониторингінің нәтижесі бойынша қорытынды жасалып, аралық мониторинг нәтижесі жақсартылсын.
3. Оқу материалының мазмұнына сәйкес сабақтарда қолданылатын көрнекіліктер мен қосымша материалдар толықтырылсын.
4. Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелер бойынша үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы

Хатшысы

Т.А. Гален
Ж.Айдарова



Т.А. Гален

Ж.Айдарова